




ЭКРАН МЕН ЭФИРДЕ –  
КӨШЕ ТІЛІ

3-БЕТ | ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



ЖАҢАША СИПАТ  
АЛА МА?

5-БЕТ | САРАПТАМА



ЕЛДІҢ ҚҰТЫ,  
ЖЕРДІҢ СҮТІ – СУ

7-БЕТ | МӘСЕЛЕ

“ ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Біреу жұмыс қылайын десем тұрған жерім  
жаман дейді, біреу маңайымдағы елім  
жаман дейді: бұлардың бәрі де бос сөз!

Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

”

№9  
(4753)  
Сенбі  
25 қаңтар  
2025 жыл



# ASTANA

ELORDA  
AQPARAT  
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



2024 ЖЫЛЫ АСТАНАДА  
ИНВЕСТИЦИЯ КӨЛЕМІ

## 1,6 трлн

2025 ЖЫЛЫ  
ІС-ШАРА ӨТКІЗУ  
ЖОСПАРЛАНҒАН

## 1200

ЕЛОРДАДА 2024 ЖЫЛЫ  
ТУРИСТЕР САНЫ

## 1500 000

2023 ЖЫЛМЕН САЛЫСТЫР-  
ҒАНДА 14%-ҒА АРТҚАН

## 6

## ЕЛОРДА ТУРИЗМІ ҚАЛАЙ ТҮЛЕЙДІ?

Астанаға турист ретінде келушілердің саны жылдан-жылға артып отыр. Елордаға жолы түсетін шетелдік туристердің негізгі ағымы Ресей, Қытай, Германия, Түркия, АҚШ және Оңтүстік Корея елдерінен келетіні байқалады. Биыл Астанада туристік маңызы бар 1200 іс-шара өтетіні жоспарланып отыр. Оның ішінде 100-ден аса халықаралық форум болмақ.

### ПОЙЫЗДАРДА ИНТЕРНЕТ ҚОСЫЛАДЫ

Спутниктік технологиялар арқылы пойыздарда ғаламторға қолжетімділікті қамтамасыз ететін пилоттық жоба іске қосылады. Бұл туралы «Жолаушылар тасымалы» АҚ баспасөз қызметі мәлім етті.

Белгілі болғандай, бұл қызмет ең алдымен жолаушылар арасында танымал бағыттардың бірі № 3/4 «Астана-Алматы» пойызында 25 қаңтардан бастап жүзеге асады.

«Қанатқақты жоба шеңберінде заманауи спутниктік технологияларды пайдаланып, пойыздарға ғаламтор қосу мүмкіндігі жоспарланады. Бұл жолаушыларға сапар барысында WhatsApp,

YouTube секілді қосымшаларды еркін пайдалануға және бейнемазмұндарды көруге мүмкіндік береді. Алайда торренттер мен файлдарды жүктеу сайттарына шектеу қойылады. Жобаның техникалық қолдауын Қазақстандағы OneWeb-тің ресми серіктесі Jusan Mobile жүзеге асырады» делінген ұлттық тасымалдаушы компанияның хабарламасында.

### ЖҰМЫСШЫҒА – ЖАҢА ИПОТЕКА

Қазақстанда «Наурыз жұмыскер» тұрғын үй бағдарламасы іске қосылды. Бағдарлама аясында 2440 жұмысшы мама-нына несие беріледі.

«Отбасы банк» арқылы берілетін қарыздың жалпы сомасы – 72 млрд теңге. Несиенің ең жоғары сомасы облыстар үшін 30 млн теңге болса, Астана мен Алматыда – 36 млн теңге. Алғашқы жарна талабы мынадай: бастапқы нарықтан дайын баспананы алу үшін – 10 пайыз. Ал жөндеу жасалмаған жаңа үй мен қайталама нарықтан баспана алғысы келетіндер 20 пайыз жарна

төлеуі тиіс. Бағдарлама талаптары бойынша азаматтардың әлеуметтік осал санаттары үшін 7 пайыз және қалған барлық санат үшін 9 пайыз мөлшерлеменен несие беріледі. Бұл бағдарламамен өнеркәсіп, энергетика, көлік, ауыл шаруашылығы және су ресурстары салаларының қызметкерлері баспаналы бола алады. Өтінімдерді қабылдау 17 наурызда басталады.



ҚАЗАҚСТАНДА 2025 ЖЫЛҒЫ  
20 ҚАҢТАРДАҒЫ ЖАҒДАЙ  
БОЙЫНША ҰЛЫ ОТАН  
СОҒЫСЫНЫҢ

120  
АРДАҒЕРІ

СОНДАЙ-АҚ  
ҰОС ЖЕҢІСІНЕ  
ҮЛЕС ҚОСҚАН

42545  
АЗАМАТ ТҰРАДЫ

ВАЛЮТА  
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 546.15 \$ USD/KZT 527.58 ₪ RUB/KZT 5.29 ¥ CNY/KZT 72.44

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



## ҰЗДІК ЕЛУЛІККЕ КІРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазпошта» АҚ басқарма төрағасы Әсел Жанасованы қабылдады. Президентке компанияның былтыр атқарған қызметінің нәтижелері, қаржылық жағдайы, сондай-ақ дамудың перспективті бағыттары туралы есеп берілді.

Әсел Жанасованың айтуынша, соңғы екі жылда «Қазпошта» таза табыс тауып, бюджетке 45 миллиард теңге көлемінде салық және баж алымдарын төледі.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа компания Дүниежүзілік пошта одағының рейтингісі бойынша алғаш рет ең үздік 50 пошта операторының қатарына кіргені жөнінде баяндалды. Тасымал үдерісін оңтайландыру есебінен пошталық жөнелтілімдердің көлемі 26 пайызға өсті. Атап айтқанда, 20 миллион, соның ішінде 9 миллион халықаралық сәлемдеме жеткізілген.

Мемлекет басшысына HomePost жобасының жүзеге асырылу барысы таныстырыл-

ды. Аталған бастама аясында үй жанындағы дүкендер аумағында тапсырыстарды беруге арналған 180 пункт ашылды. Биыл олардың саны 1 мыңға жетеді. УТО Express компаниясымен ынтымақтастық шеңберінде пошталық инфрақұрылымды жаңғыртуға 50 миллион доллар көлемінде инвестиция тартылды.

«Қазпошта» АҚ басқарма төрағасы Президентке қызмет сапасын жақсарту мақсатында енгізілетін инновация жайында айтты. Осы орайда Japan Post, Toshiba және Cainiao компанияларымен көлік және логистика салаларында бірлескен жобалар жүзеге асырылып жатыр. Бұдан бөлек, халықаралық маркетингтік

қолжетімділікті қамтамасыз ететін Keuen сервисі дамып келеді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Ақтөбе әуежайында мультимодальды қойма салу жоспарланып отырғаны жөнінде айтылды. Аумағы 15 мың шаршы метр болатын бұл нысан Түркияның S-Sistem компаниясымен серіктестік негізінде бой көтереді. Кездесу соңында Мемлекет басшысы компанияның қаржылық жағдайын жақсарту, еліміздің ТМД-ға бағытталған көлік-логистика әлеуетін электронды сауда саласында дамыту және цифрлық шешімдер енгізу бойынша жұмыстарды жалғастыруды тапсырды.

## ҰЛТТЫҚ БАНК БАСШЫСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменовті қабылдады. Мемлекет басшысына Ұлттық банктің былтыр жүзеге асырған ақша-кредит саясатының қорытындысы туралы есебі мен 2025 жылға арналған монетарлық реттеу жоспары баяндалды.

Президентке Қазақстан экономикасы мен қаржы жүйесінің ахуалы, іскерлік белсенділік, инфляция факторлары, сондай-ақ бағаны тұрақтандыру және инфляция деңгейін ортамерзімді мақсатқа сәйкес 5 пайызға жеткізу үшін қабылданып жатқан шаралар жөнінде мәлімет берілді. Қасым-Жомарт Тоқаевқа 2024 жылдың қорытындысы бойынша инфляция Ұлттық банктің болжаған шегінде қалыптасқаны, яғни 8,6 пайызды құрағаны айтылды. Тимур Сүлейменовтің айтуынша,

жөнінде ақпаратты тыңдады. Атап айтқанда, 2024 жылы Ұлттық қор активтерін басқарудан түскен табыс 7,5 пайызға артып, 4,5 миллиард долларды құраған. Ал Ұлттық банктің алтын-валюта резервтері 45,8 миллиард долларға жетіп, 27,4 пайызға ұлғайған. БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін басқарудан түскен инвестициялық табыс 3,4 триллион теңгені құрады. Ал кіріс көрсеткіші инфляциядан екі есе асып түсіп, 17,8 пайызға жетті. Президентке валюта на-

засының қалыпты өсімінің жалғасуы, сондай-ақ қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету шаралары мен макропруденциалдық саясаттың тиімділігін арттыру жоспары жөнінде айтты. Ұлттық банк төрағасы Президентке Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымын дамыту нәтижелері мен Антифрод-орталығының қызметін таныстырды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы инфляцияны тежеп, қаржы секторының тұрақтылығын қамтамасыз ету



сыртқы инфляциялық қысым күшейіп, ішкі инфляциялық тәуекелдер әлі де сақталып отыр.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Ұлттық қордың активтері, алтын-валюта резервтері және Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының жай-күйі

рығындағы жағдай таныстырылып, теңгенің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін жүзеге асырылып жатқан іс-шаралар туралы баяндалды. Бұдан бөлек, Тимур Сүлейменов банк секторындағы жағдайдың тұрақтылығы, депозиттер ба-

маңызды екеніне назар аударды. Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық банк пен Үкімет макроэкономикалық саясатты үйлесімді жүргізуі қажет екенін атап өтіп, Ұлттық банк қызметіне қатысты бірқатар нақты тапсырма берді.

### Төлен ТІЛЕУБАЙ

#### 27 ЗАУЫТ САЛЫНАДЫ

Қанат Бозымбаев энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту бағдарламасына қай өндірістің өнімдері пайдаланылатынын түсіндіріп берді. Вице-премьер энергетика және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба екі негізгі блоктан тұратынын айтты. Біріншісі – алдағы 5 жыл ішінде 7300 мегаваттқа жуық қамтамасыз етіп, генерациялау. Оған 6 трлн теңгеден астам қаржы жұмсалуда. Біз осы уақытқа дейін 6,4 трлн теңгені таргеттеп жатырмыз. Жобаның екінші бөлігі – коммуналдық желілерді жаңғырту. Мұндағы инвестициялардың жалпы сомасы шамамен 6,8 триллион теңге болады. 10 пайыз көлемінде құбылуы да мүмкін. Ол ақшаға 86 мың шақырым коммуналдық желіні жаңартып, жаңғырту және дамыту қажет. Аталған жоба аясында инженерлік желілерді жаңғыртуға 6,8 трлн теңге инвестиция керек.

#### ТӨРТТЕН БІРІ ҒАНА ПАЙДАЛАНЫЛАДЫ

Ұлттық экономика министрінің орынбасары Арман Қасенов аталған ұлттық жобаға БЖЗҚ қаражатын пайдалану туралы шешім қабылданған күннің өзінде қажетті соманың төрттен бірі ғана пайдаланылатынын айтты. «БЖЗҚ қаражаты жыл сайын шамамен 4 трлн теңгеге толығып отырады. Ал бұл ұлттық жобаны іске асыру үшін жылына шамамен 1,5 трлн теңгедей қаражат кетуі мүмкін. Бағдарламаға БЖЗҚ ақшасы пайдаланылуы да мүмкін, алмауымыз да мүмкін. Алсақ, қажетті соманың 25 пайызын ғана БЖЗҚ-дан қаржыландырамыз» деді ол.

#### КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР ТАҒЫ ҚЫМБАТТАЙДЫ

Арман Қасенов Үкіметтегі брифингте Қазақстанда электр энергиясына та-

## МЕМЛЕКЕТ КІМГЕ КӨМЕКТЕСЕДІ?

Үкіметте энергетика және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыру бойынша баспасөз конференциясы өтті. Жиынға Премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев, Ұлттық экономика министрінің орынбасары Арман Қасенов, Энергетика министрінің орынбасары Сұңғат Есімханов, Өнеркәсіп және құрылыс министрінің орынбасары Олжас Сапарбеков, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің орынбасары Олжас Анафин, Табиғи монополияларды реттеу комитетінің төрағасы Асан Дарбаев қатысты.



рифтері «ақылға қонымды шекте» қымбаттайтынын мәлімдеді.

«Ақылға қонымды шектерде тарифтердің ең төменгі өсімі болады. Инвестициялық бағдарлама орындалады, бірақ оған қызмет көрсету мерзімі 20 жылға созылады. Біз барлық есептеуді жасадық. Бұл – болжамдар емес, талдауға негізделген тұжырымдар. Өсім аз болады» деп түсіндірді А.Қасенов.

#### ТҰРҒЫН ҮЙ ТӨЛЕМАҚЫСЫ КІМДЕРГЕ БЕРІЛЕДІ?

Қазақстандықтар коммуналдық қызмет тарифі көтерілген жағдайда тұрғын үй көмегіне жүгіне алады. Төлемнің кімдерге тиесілі екенін Қанат Бозымбаев түсіндіріп берді.

«Коммуналдық қызмет тарифі жиынтық отбасылық кірістер шығынынан 5

немесе 10 пайыздан асқан жағдайда тұрғын үй көмегі төлемі тағайындалуы мүмкін. Бірақ ол барлық қазақстандыққа бірдей төленбейді» деді ол. Сондай-ақ БАҚ өкілдері вице-премьерге бюджет қаражаты барлық төлем алушыға жеткілікті ме деген нақтылау сауалын қойды. «Әрине, біз белгілі бір санаттағы азаматтарды, яғни отбасыны қарастырамыз, қолдан келеді деп ойлаймын» деп жауап берді Үкімет басшысының орынбасары.

#### РЕСЕЙ ҚАЗАҚСТАНДА 3 ЖЭО САЛАДЫ

Энергетика вице-министрі Сұңғат Есімханов Ресей компаниясы Қазақстанның үш қаласында салатын жылу электр орталықтары жайлы сұраққа жауап берді. «Үш жылу электр орталығын салуға

Үкіметтің келісімі бар. Жұмыстар істеліп жатыр. Тапсырыс беруші ретінде «Самұрық-Энерго» компаниясы бекітілген. Жалпы Ресей тарапы өз станцияларын мердігер ретінде тек салады. Салып болғаннан кейін ол станциялар «Самұрық-Энерго» компаниясының құзыретінде болады. Ешқандай Ресей тарапына ауыспайды. Ақпарат жалған. Орталық салынғаннан кейін тариф бекітіледі де, содан кейін бастап инвестицияны қайтару басталады» дейді ол. «Тарифтерді де Ресей компаниясы белгілемей ме?» деген сұраққа вице-министр «жоқ» деп жауап берді. Оның айтуынша, барлық тарифті Қазақстанның Энергетика министрлігі бекітеді.

#### АЭС-ті КІМ САЛАДЫ?

Сұңғат Есімханов АЭС құрылысымен айналысатын ел маусым айында белгілі болатынын мәлімдеді. Вице-

министрдің сөзінше, қазіргі таңда вендорды (сауда таңбасын иеленуші ұйым не жеке тұлға) анықтау жұмысы жүргізіліп жатыр.

«Қажет жұмыстар жүргізіліп жатыр. Бірнеше сұрақ дайындап қойдық. Ол бойынша кері байланыс беріледі. Бірінші жартыжылдықтың соңында сол жұмыстар бойынша нәтиже шығып, алдын ала нәтиже белгілі болады. Бірінші жартыжылдықтың соңында вендор анықталады. Шамамен маусым айында» деді С.Есімханов.

#### КЕЛЕСІ АПТАДА ЖАРИЯЛАНАДЫ

Ақтаудағы ұшақ апатына қатысты тергеудің алдын ала есебі келесі аптада жарияланады. Бұл туралы Қанат Бозымбаев Үкіметтегі баспасөз мәслихатында мәлім етті.

«Ұшақ апатында қаза тапқан азаматтардың отбасына әлеуметтік көмек көрсетілді. Жоспар бойынша 5 млн-нан төленуі тиіс болған. Жерлеу рәсімі мен мәйітті тасымалдау жұмысы әкімдерге жүктелді. Алдағы аптада демеушілердің есебінен тағы да көмек көрсетілді. Зерттеу жұмысына келсек, қазір қарқынды жүріп жатыр. ИКАО-ның талабына сәйкес, бір айдың ішінде тергеудің алдын ала қорытындысы жариялануы керек. Келесі аптада Көлік министрлігі тиісті ақпаратты жариялайды» деді Қанат Бозымбаев.

#### АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕГІЗІНШІ САЙЛАНЫМЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

**2025 жылғы 27 қаңтар сағат 11:00-де Астана қаласы мәслихаты сегізінші сайланымының кезектен тыс сессиясы шақырылады.**

**Сессияның қарауына келесі сұрақтар енгізіледі:**

1. Астана қаласы мәслихаты депутатының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы.

**Баяндаушы:** Астана қаласы сайлау комиссиясының төрағасы Бейсембай Қуанышұлы Жұмабеков.

2. Астана қаласы мәслихатының

төрағасын қызметінен босату туралы.  
**Баяндаушы:** Астана қаласы мәслихаты төрағасының м.а. Асқар Сайлаубекұлы Смағұлов.

3. Астана қаласы мәслихатының төрағасын сайлау туралы.

**Баяндаушы:** Астана қаласы мәслихаты төрағасының м.а. Асқар Сайлаубекұлы Смағұлов.

Анықтама үшін телефондар: 55-66-36.

**А.СМАҒҰЛОВ, Астана қаласы мәслихаты төрағасының м.а.**

## АТҚАРҒАН ЕҢБЕГІНЕ АЛҒЫС БІЛДІРДІ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек мәслихат депутаттарымен кездесті. Жиын барысында Ерлан Каналимов жаңа жұмыс орнына ауысуына байланысты VIII шақырылым депутаты мен мәслихат төрағасының өкілетін тоқтату туралы өзінің шешімін хабарлады.



Қала әкімі елорда тұрғындарының тұрмыс сапасы мен әл-ауқатын жақсартуға бағытталған қызметі үшін Ерлан Ермақұлына алғыс айтты.

Ерлан Ермақұлы өзінің еңбек жолын Сарыарқа ауданы әкімінің ұйымдастыру-бақылау және кадр жұмысы бөлімінің маманы қызметінен бастады. Әр жылдары Ішкі саясат басқармасын басқарды, елордалық Байқоңыр ауданының әкімі, қала

әкімінің орынбасары, Amanat партиясы елордалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары қызметтерін атқарды. 2023 жылғы наурыз айында бірауыздан елордалық мәслихаттың төрағасы болып қайта сайланды (бұрын алдыңғы шақырылымның төрағасы болған). Оның кәсіби қабілеті, мәселелерді шешуге бағытталған дипломатиялық және объективті көзқарасы жаңа жұмыс орнында жақсы нәтиже-

лерге қол жеткізуге үлкен мүмкіндік берді.

– Атқарған ісіміздің сыншысы – халық, төрешісі – уақыт. Осы орайда, мен өзіме сенім білдірген қала тұрғындарына, бірлесе еңбек еткен Астана қаласы мәслихатының VII және VIII сайланым депутаттарына, қаламыздың әкімі Жеңіс Қасымбек мырзаға және барлық әріптестеріме шынайы алғысымды білдіремін, – деді Ерлан Каналимов.

## «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» ІС-ШАРАСЫН ҚОЛДАУ

Елордадағы Музыкалық жас көрермен театрының актерлері «Таза Қазақстан» акциясына қолдау білдіріп, өнер ордасының айналасындағы қарды күреді.



«Астана қаласы әкімдігі Музыкалық жас көрермен театрының ұжымы «Таза Қазақстан» экологиялық акциясын қолдай отырып, әріптестерімізбен бірге театрымыздың алдында қардан тазарттық. Осылайша көрермендерімізді ыстық ықпалмен, көтеріңкі көңіл күймен қарсы аламыз» деді Музыкалық жас көрермен театры басшысының орынбасары Алмаз Шоман.

Экологиялық акцияға Аян Төлепберген, Оразалы Игілік, Нұржас Садырбаев, Еламан Иманбаев және театрдың басқа да актерлері қатысып, мәдени нысанның айналасын қалыпқа келтірді.

– Бірнеше сағаттан кейін Музыкалық жас көрермен театрының көрермендері бізге қарай ағылады. Мынау қар олардың спектакльден керемет әсер алып шығуына кедергі жасайды деген оймен және әріптестерімізбен бірге «Таза Қазақстан» акциясын қолдау мақсатында айналыны қардан тазартып жатырмыз. Акцияны қолдаңыздар, қарды тазалап тастаңыздар, – деді театр актері Аян Төлепберген.

## ЗЕЙНЕТКЕРДІҢ АУЛАСЫН ТАЗАРТТЫ

«Астана жастары» жастар ресурстық орталығының еріктілері Байқоңыр ауданы әкімдігімен бірлесіп, «Таза Қазақстан» акциясы аясында қария кісілер тұратын үйлердің ауласын қардан тазартты.

«Таза Қазақстан» акциясы аясында біз қаланың қарт тұрғындарына аулаларының қарын күреуге үнемі көмектесеміз. Соңғы аптада қалада қар көп жауды, сондықтан біз тағы бір игі іс жасау үшін қайта жиналды» деді еріктілердің бірі Ерасыл Төленті.

Еріктілер М.Лермонтов көшесінде тұратын зейнеткерге қар күреуге көмектесті.

«Еріктілерімізге алғыс білдіргім келеді. Олар ауланың қарын жылдам тазалайды. Осы игі акцияға қатысқандарға көп-көп рақмет» деді Елена Николаева.



### ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.09.2020 жылғы № 505 бұйрығымен бекітілген қала құрылысы жобаларының нормалары мен талаптарына сәйкес, Астана қаласы, Нұра ауданы, М.Мәметова көшесі, «2 қабатты балалар ойын-сауық орталығы» объектісін орналастыру бөлігінде,

Ташимов Б. А. тапсырыс берушісі.

Қоғамдық талқылаулар 2025 жылғы 18 ақпан сағат 11:00-де Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде s.alkuatova@astana.kz электрондық мекенжайға немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.

### ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.09.2020 жылғы № 505 бұйрығымен бекітілген қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларының нормалары мен талаптарына сәйкес, Астана қаласы, Нұра ауданы, Пригородный т.а. ауданында орналасқан «абаттандыруға арналған учаске», «коттедж үлгісіндегі жеке тұрғын үйлер, 2-4 аз қабатты тұрғын үй кешендері. Таунхаустар, қызмет көрсе-

ту және тамақтану нысандары, сауда орталығы, бизнес орталығы. Спорттық-сауықтыру кешені» өзгерту. Тапсырыс беруші «Инвест-Плаза» ЖШС. Қоғамдық талқылаулар 2025 жылғы 7 ақпан сағат 11:00-де Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде s.alkuatova@astana.kz электрондық мекенжайға немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.

### МӘСЕЛЕ

Өткен ғасырдың ортасында ұлы Мұхтар Әуезов «Ел боламын десең бесігіңді түзе!» деп ұран тастап еді. Бүгін сол мәтелдің мәні өзгеріп тұр. «Ел боламын десең – экраныңды түзе» дейтін кезеңге келдік. Кез келген елдің қоғамдық-саяси өмірінде киноның алатын орны айрықша. Соңғы жылдары елімізде түрлі бағытта түсірілген фильмдер аз емес. Алайда сол фильмдердің сапасына қатысты сұрақ-сауалдар пісіп-жетіліп, арнасынан асып тұр...

## ЭКРАН МЕН ЭФИРДЕ КӨШЕНІҢ ТІЛІ ҮСТЕМДІК АЛДЫ

Кино – идеология, кино – саясат, кино – керек десеңіз, ұлттың қауіпсіздігі. Жапония Екінші дүниежүзілік қырғыннан кейін ұрпақ санасы мен ұлттық болмысын дәл осы ұлттық кино арқылы жүйелеп алғаны айдай ақиқат.

Кино – бүгін ұлтты ұйытатын, сол арқылы жас ұрпақтың санасына әсер ететін күшті қару. Әр халықтың ұлттық боймысы, тарихы, салт-дәстүрі, діни ұстанымы, әлеуметтік жіктелісі бар. Әсіресе, дәл қазіргідей қазақ қоғамы шетелдік сериалдарды тамсана тамашалап, жастардың санасын бөтен жұрттың мәдениеті жаулап жатқан тұста ұлттық киноға көңіл бөрудің маңызы сәт сайын артып тұр.

Кино саясаты қоғам көшін бастауы керек еді, ал біздің бұл өнеріміз қоғамның жетегінде кетіп барады. Соңғы жылдары мемлекеттік тапсырыспен тарихи тұлғаларға арналған сериалдар мен көркем фильмдер түсірілуде. Осы орайда Антон Чеховтың: «Біз Гогольді халықтың деңгейіне түсірмеуіміз керек, керісінше халықты Гогольдің деңгейіне көтеріміз қажет!» дегені еріксіз ойға оралады.

Дәл осы найзағайдың отына нан пісіріп жатқан кезеңде кино бірінші кезекте бизнес емес, өнер, ұлттық ұстаным миссиясын атқаруы керек. Сондықтан режиссерлер мен сценаристер ең әуелі кинофестивальдардан сыйлық алуды емес, киноның ұлтқа әкелер пайдасын, ұрпаққа берер тәлімін көбірек ойлағаны ләзім.

Әбжылаңдай ысқырған бүгінгі жаһандану дәуірі еліміздің ұлттық кино саясатын түбегейлі қайта қарауға мәжбүрлеп отыр. Тіпті бала-шағамызбен қатар отырып фильм көрсен, бетіңнен отың шығып, кірерге тесік таппайсың. Анайы эпизодтар мен сүйегіңнен өтетін бейпіл диалогтар, шұп-шұбар тіл, атыс-шабыс, жадағай жаргон сөздер, одан қалса әр жерден ұрлап-жырлап, көшіріп алған инкубатор-фильмдер. Керек десеніз, мұндай теріс имиджді тудыратын фильмдер ақыл-есі түзу жұрттың ашуын туғызуда.

Ең қиыны – қатаң сүзгінің жоғынан қазақтың көркем де шұрайлы тілі күйреп жатыр. Экран мен эфирде көшенің тілі үстемдік ала бастады. Сонымен қатар, дәстүрінді дәлдіріш қып, теріс діни ағымдардың насихатын күйттеп жүрген таспалар да жоқ емес. Өткен 2024 жылы қазақстандық 90 фильм прокатқа шығыпты. Соның 56-

сы – комедия. Күлдіреміз деп

бүлдіріп жатырмыз. Жалпы, қазір күлетін кезең бе?.. Картиналар жыл сайын 30 фильмге толыққан. Кассадан түскен түсімдер де аз емес. 6 фильм миллиард теңгеден астам табыс жинаған. Бірақ көпшілігінің сапасы сын көтермейді. Көбі – тарихи, экшн, комедиялық, авторлық фильмдер. Ұлттық кинолардың қатары тым аз. Ұлттық статистика бюросы 2024 жылы қазақстандықтар 17 млн 47 мың 524 рет киноға барса, соның үштен бірі – 6 миллионға жуығы отандық фильмдерді көрген. Сұраныс жоқ емес, бар!

Әлеуметтік сауалнама бойынша ұлттық киноны көргісі келетіндердің қатары артқан. Алайда ұлттың есін екеу, түсін төртеу етіп, бала-шағасымен театрға түнететін өнім болмай тұр. Кино өндірісіне нарықтық сипат береміз деп жалаңаштап алған жағдайлар да аз емес. Сөз жоқ, кино нарығы коммерциялық тұрғыдан өзін-өзі қаржыландыру керек. Алайда әлемде ұлттық кино өнеріне мемлекеттік деңгейде қолдау жасап отырған елдер бар. Мамандар даярлауда арнайы мемлекеттік саясат белгіленген. Мәселен, Германия кино саласына маман дайындау үшін жыл сайын 76 миллион еуро бөледі. Ал Оңтүстік Корея отандық киноны қолдау үшін кинотеатрларда көрсетілетін шетелдік фильмдердің сағатын шектейді.

Сондықтан салаға жауапты министрлік мына шараларды жеделдетіп қолға алуы керек: Бірінші – бүкіл мемлекет бойынша (мейлі мемлекет болсын, мейлі жеке тұлғалар болсын) түсірілетін фильмдердің идеологиялық, тілдік, ұлттық ұстанымын реттеу тетігін қарастыратын арнайы көркемдік-сараптамалық кеңес құру;

Екінші – мемлекеттік тілдегі ұлттық фильмдердің үлес салмағына басымдық беру;

Үшінші – фильмдерде мемлекеттік тілдің нормаларын бұзуды қатаң қадағалау;

Төртінші – халықты арнайы ұлттық киноларды көрсететін кинотеатрлармен қамтамасыз ету.

Бұл орайда, жауапкершілікті арттыру мақсатында «Кинематография туралы» заңды қатаңдату бағытында бірлесіп жұмыс істеуге әзір екенімізді жеткіземіз.

Жанарбек ӘШІМЖАН,  
Мәжіліс депутаты,  
Amanat партиясы  
фракциясының мүшесі

# БАР ЖАҚСЫЛЫҚ – БАЛАЛАРҒА

Индира  
БЕРЖАНОВА

## ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРІЛЕДІ

Астана қаласы Білім басқармасының бастамасымен «2024-2025 оқу жылынан бастап «Біртұтас тәрбие» жаңартылған бағдарламасы мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім берудің барлық ұйымының оқу-тәрбие процесіне енгізілді. Бағдарлама аясындағы іс-шаралар әр баланың ерекшелігін ескере отырып, оның шығармашылық, зияткерлік және физикалық мүмкіндігін толық ашуға бағытталған. Осылайша, құндылыққа бағдарланған білім беру жобалары – мектептегі білім сапасын арттырудың, ата-анамен байланысты күшейтудің тиімді тетігі. Бүгінде «Күй күмбірі», «8 минуттық оқу», «Үнемді тұтыну», «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы», «Өнегелі 15 минут» сынды оқыту іс-шаралары күнделікті өтіп, ұлттық идеяларды дәріптеуде нәтиже көрсетуде. Осы тұста С.Мәуленов атындағы №37 мектеп-лицей оқушысы Шаһадат Шалқарқызы бағдарлама аясында ашылған «Ұлттық құндылықтар» аймағы пайдалы екенін атап өтті.

«Әр үзіліс сайын осы аймаққа келемін. Аймақ ашылып, әдемі безендірілген бұрышты көріп мен де, қатарластарым да қатты қуанды. Біреулері домбырада күй тартса, енді біреулері ұлттық ойындарды ойнайды. Өз басым тоғызқұмалақта ойнағанды ұнатамын. Қазіргі кезде көбіміз телефонға байланғанбыз, содан ойлау қабілетіміз бәсең дамиды. Осындайда ұлттық ойындар – логикалық тұрғыда ойлауды жақсартудың бірден-бір жолы» деді оқушы.

## ҚАУІПСІЗ ОРТА ҚҰРУ МАҢЫЗДЫ

Елордада балаға тәрбие беріп қана қоймай, кәмілетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында ауқымды жұмыс жүргізілуде. Мысалы, қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру және балалардың, ата-аналар мен педагогтардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында «Психологиялық қолдау орталығы» құрылып, қамқоршылық және қорғаншылық қызметін күшейту үшін қосымша 100 әдіскер жинақталды.

Бас қаланың 5 ауданында психологиялық қолдау кабинеттері бар. Орталық кеңсеге балалар ата-анасымен бірге келіп, қызықтырған сұрағына жауап ала алады. Өткен жылдың маусым айынан бастап орталықта 602 жеке консультация өтті (244-і – ата-аналармен, 242-сі – балалармен, 116-сы – педагогтармен). Мамандармен бірге мектептер қабырғасында түрлі семинар-тренинг және жеке консультациялық кеңес ұйымдастырылады. «Қауіпсіздік сағаты» кезінде оқушыға қауіпті жағдайда жылдам әрекет етуге, өмірде кездесетін әртүрлі жағдайдың шешімін табуға үйрететін сынып сағаты өтеді.

Астана қаласы бойынша Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Әсіма Бимендинаның айтуынша, баланың құқығын қорғау қоғамдық жұмыс ретінде танылып, көптің бірлесу жұмыс атқаруын қажет етеді.

«Ата-ана – оқушы – ұстаз» үштігі бірге жұмыс істемей, сапаға қол жеткізу қиын. Сондықтан қалалық Білім басқармасы, Полиция департаментінің ювеналды полиция бөлімі, «Жанұя» отбасын қолдау орталығы, өзге

Бүгінде Астананың барлық білім беру ұйымында 394 мың бала тәрбие алууда. Балалардың құқығын қорғау, оларға қамқор болу және қоғамда балалар игілігі үшін бастамаларды қолға алу қашанда кезек күттірмейді. Бұл бағытта елордада жас ұрпақтың қызығушылығын қолдауда «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы оқу жылының басынан нәтижесін көрсетіп келеді. Сол секілді 200-ге жуық мектеп оқушысы енді жұмысшы мамандықтарын оқиды.



де мемлекеттік әрі қоғамдық ұйымдармен бірлескен профилактикалық іс-шараларды өткізудің маңызы айрықша. Себебі 2022 жылы елордалық 31 мың ата-ана арасында сауалнама жүргізіліп, нәтижесінде тәрбие жұмысын жетілдіру қажет екені анықталды. Былтыр жеке өзіме 141 өтініш келіп түсті. Басым бөлігі – ата-ана мен бала арасындағы келіспеушілік, отбасы және буллинг мәселесі. Қоғам жауапкершілігін арттыру мақсатында былтыр әйелдер мен балалар құқығын қорғайтын заң қабылданып, енді балаларға жасаған қылмыс үшін жаза қатандатылды.

Ата-ананың мектеппен тығыз қарым-қатынас орнатуы, мектеп психологымен сөйлесіп отыруы бала тәрбиесі үшін өте маңызды. Неғұрлым ата-ана мектеппен жиі қатынасып тұрса, соғұр-

лым баласының мектептегі жағдайын, оның айналасын, достарын біліп отырады. Ал ол өз кезегінде баланы дер кезінде дұрыс бағыттап, туындап жатқан мәселелерін уақытылы шешуге септігін тигізеді. Ата-ана баласының мектептегі іс-әрекетін біле бермейді. Сондықтан оларды тәрбие жұмысына барынша тарту мақсатында әр мектепте «Әкелер кеңесі» белсенді жұмыс істеуде. Республика бойынша елордада алғаш рет ашылған жоба енді «Аналар тобымен» жалғаса деген ұсыныс айтамын.

Биыл қаңтарда білім беру ұйымдарында «111» байланыс орталығына қолжетімділікті арттыру үшін арнайы QR-кодтар енгізілді. Бұрын балалар психологиялық қолдау алу үшін байланыс орталығына тек телефон арқылы ғана хабарласа алатын, ал енді олардың QR-кодтар арқылы

сұрау жіберу мүмкіндігі бар. Байланыс орталығы 2 жылдан астам уақыт жұмыс істеп келеді деп ой бөлісті Ә.Темқенқызы.

Осы жылы оқушылар арасында құқық бұзушылық тәуекелдерінің алдын алу үшін Ұлттық қауіпсіздік комитеті, елордалық прокуратура және Полиция департаменті өкілдерінің қатысуымен 16 мобильді топ құрылды.

## 200 ОҚУШЫҒА – ДИПЛОМ

Баланың кез келген қызығушылығын қолдап, дамуына мүмкіндік беру маңызды. Астаналық оқушылар үшін биылғы тың жаңалық әрі мүмкіндіктің бірі – жұмысшы мамандықтары бойынша диплом алуы. Биыл 200-ге жуық мектеп оқушысы кәсіптік білімді игермек. Қалада техникалық және кәсіптік білім беруде колледждер базасында жоғары сынып оқушыларының кәсіби білігін арттыру мақсатында пилоттық жоба іске қосылған. Онда таңертең мектепте сабақ оқитын оқушы түстен кейін қайта кәсіби білім беретін арнайы оқу орнына барып білім алады. Бағдарламаның ерекшелігі сол, жоғарғы сынып оқушысы мектепте білім алумен қатар бір мамандықты игеріп, оқуды бітіргеннен кейін аттестатпен қоса диплом алады. Оқу жүктемесінің мөлшері күніне 4 сағаттан аспайды. Білім алу үшін оқу уақытының көлемі кемінде 48 кредитті құрауы тиіс. Оқу мерзімі – 1 жыл 5 ай.

Қанатқақты жоба аясында елордада 3 мемлекеттік колледж таңдап алынды. Бүгінде 156 оқушы «Автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсетіп жөндеу және пайдалану», «Тігін өндірісі және киім дизайны», «Аспаз» мамандықтарын оқып, практикалық тәжірибеден өтіп жатыр. Биыл мамыр айында жобаның алғашқы білім алушыларына колледж дипломы табысталады.

Жұмысшы мамандықтарының жылына орай пилоттық жобаның ауқымы кеңейеді. 2025 жылы қала колледждері 300-ден астам оқушыны қабылдап, тігінші, наубайшы, аспаз, шаштараз, флорист, мобильді өндіріс маманы, электр газ салушы мамандықтары оқытылады деп жоспарланып отыр.

Ляззат РАЗБЕКОВА,  
Астана қаласы мәслихатының депутаты,  
технологиялық колледж директоры:

## КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ – ЭКОНОМИКАНЫҢ ДРАЙВЕРІ

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жұмысшы мамандықтарының жылын жариялап, кәсіптік білім беру мәселесін алға қойғаны – заңдылық. Себебі экономикалық өсімге қол жеткізу үшін нарыққа кәсіби мамандар қажет. Кәсіптік білім – ел экономикасының қуатын арттыратын тетік. Сондықтан осы мәселеге Президент ден қойып, көңіл бөліп отыр. Білім беру жүйесінде кәсіптік бағдар берудің маңызы күн өткен сайын артып отырғандықтан, атаулы жылдың жарияланғанын асыға күттік.

Биыл техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін трансформация күтеді. Осылайша, кәсіптік білім беру саласында бәсекелестік орта қалыптасады, қызмет көрсетіп, тиімді жұмыс істеуі жоғарылайды. Демек техникалық және кәсіптік білім беру саласы – экономиканың бірден-бір драйвері, экономиканы көтеретін қозғаушы күш.

Елордалық технологиялық колледж базасында былтыр жаңа оқу жылында техник-гидрогеолог мамандығы ашылып, қазір 47 студент білім алууда. Қазақстан бойынша бұл қадамды алғашқылардың бірі болып жасадық. Өйткені су ресурстары қызметкерлерін дайындау елге аса маңызды. Сонымен қатар наубайшы маман-



дығы бойынша халықаралық салалық аккредиттеуден өтуді бастадық. Бұл бағытта студенттеріміз Англияның білікті мамандарымен тәжірибе алмасады. Осылайша, халықаралық стандартқа сай мамандар оқытылады. Колледжде бүгінде 813 студент наубайшы, тігінші, шаштараз, аспаз және гидрогеолог мамандығын меңгеруде.

Жұмысшы мамандықтарының кеңінен дәріптеу арқылы қоғамда еңбек адамдарының мәртебесі артып жатқанын қуантады. Себебі бүгінгінің қарапайым еңбек адамдары осындай оқу орындарынан түлеп ұшады. Кәсібін толық меңгерген адам қашанда сұранысқа ие болады. Жұмысшы мамандықтарының мәртебесін көтеруге баса мән берген сайын жастардың еңбексүйгіш маман болып қалыптасуының маңызы артады деп білемін.

Бірлік КАПЕЗОВ,  
Астана қаласы Жоғары көлік және  
коммуникация колледжінің директоры:

## ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҒЫН ДАЙЫНДАЙМЫЗ

– Мемлекет басшысының Жарлығымен 2025 жыл Жұмысшы мамандықтары жылы болып жарияланып, елімізде техникалық және кәсіптік білім беруді трансформациялау басталды. Жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру, техникалық және кәсіптік білім беруді реформалау мақсатында Үкімет Жұмысшы мамандықтары жылының өткізу жөніндегі республикалық жоспарды бекітті, сондай-ақ министрлік техникалық және кәсіптік білім беруді трансформациялаудың 2025-2027 жылдарға арналған жол картасын қабылдады. Іс-шаралар жоспары өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, жаңа кәсіптер мен қузыреттер атласын, техникалық және кәсіптік білім беруді трансформациялауды, халықаралық деңгейдегі сертификатталған мамандарды даярлауды, жұмыс орындарын құруды, құқығын қорғауды және жұмысшы мамандықтарының мәртебесін арттыруды қамтиды.

Кәсіпорындармен бірлесіп мектептерде 1000 бейіндік сынып ашылады.

Биыл Жоғары көлік және коммуникация колледжі өзінің 80 жылдық мерейтойын атап өтеді. Осы жылдар ішінде колледж Қазақстанның көлік және коммуникация инфрақұрылымын дамытуға зор үлес қосқан мыңдаған маманды дайындады. Бүгінгі таңда колледж қазіргі еңбек нарығында сұранысқа ие жоғары білікті кадрлардың жаңа буынын қалыптастыруға белсенді қатысуы жалғастыруда. Колледждің мерейтойы WorldSkills ауқымды халықаралық құрылымын дамытуға өткізумен аталып өтеді. Қырғызстан, Ресей және Өзбекстан студенттері «Темір жол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» құзыреті бойынша сайысқа түседі. Чемпионат аймақтық шара шеңберінен шығып, ТМД елдерінде кәсіптік білім беруді дамытуға маңызды үлес қосады.

Төлен  
ТІЛЕУБАЙУӘДЕ БЕРУ МЕН ҰСЫНУ  
ҚЫЛЫМСҚА ЖАТАДЫ

Заң жобасының негізгі бас-тамаларының бірі – пара беруді талап еткені, уәде бергені немесе ұсынғаны үшін қылмыстық жауапкершілік енгізу. Бұл мәселенің күн тәртібінде тұрғанына 15 жылдан асты. Тиісті заңнамалық өзгерістерді қабылдау қажеттігі 2008 жылдың мамырында Қазақстан ратификациялаған БҰҰ-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясында көрсетілгені мәлім. Осыған ұқсас ұсыныстар Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы сарапшыларының баяндамаларында да бар.

Пара алу туралы келісімді аяқталған қылмыс деп тану айқын профилактикалық іс-шара болары анық. Заң жобасын дайындаушылардың пайымынша, бұл мемлекетке зиян келтірмес бұрын парақорлықты тоқтатуға мүмкіндік береді. Енді Қылмыстық кодекстің 366-бабына «Пара талап ету немесе алу», 367-бабына «Пара ұсыну, уәде ету немесе беру» деген атаулар енгізіледі.

Тағы бір жаңалық – сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасағаны үшін заңды тұлғалардың әкімшілік жауапкершілігі артады. Қазіргі уақытта олар Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 678-бабы бойынша лауазымды тұлғаларға сыйақы бергені үшін 750 АЕК көлемінде айыппұл төлеуге мәжбүр. Бұл баптың жаңа редакциясында Қылмыстық кодекстің 367-бабына (Пара беру) ұқсас көп мөлшердегі айыппұл түріндегі диспозиция мен санкциялар қарастырылған. Айыппұл сыйақының мөлшеріне қарай заңды тұлға атынан немесе оның мүддесі үшін берілген материалдық сыйақы мөлшерінің 30-дан 60 еселенген мөлшерінде болады.

ЖЕМҚОРЛАРДЫҢ ЖАРИЯ  
РЕЕСТРІ ЖАСАЛАДЫ

«Сыбайлас жемқорлардың жария тізілімі жасалады. Бұл – профилактикалық құрал. Мақсаты – қоғам арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру. Тізілімге ауыр немесе аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасағаны үшін сотталғандар енгізіледі. Мәліметтер тек заңды күшіне енген айыптау үкімінің негізінде қосылады. Ал ақтау үкімі заңды күшіне енген соң және соттылық өтелген соң тізілімінен шығарылады. Тізілім агенттіктің сайтында орналасады және оны жүргізу агенттікке бекітіледі» деп түсіндірді заң жобасындағы түзетулерді Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының бірінші орынбасары Ұлан Сарқұлов. Сондай-ақ ол «Сыбайлас

**ПАРА АЛУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМДІ АЯҚТАЛҒАН ҚЫЛМЫС ДЕП ТАНУ АЙҚЫН ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРА БОЛАРЫ АНЫҚ. ЗАҢ ЖОБАСЫН ДАЙЫНДАУШЫЛАРДЫҢ ПАЙЫМЫНША, БҰЛ МЕМЛЕКЕТКЕ ЗИЯН КЕЛТІРМЕС БҰРЫН ПАРАҚОРЛЫҚТЫ ТОҚТАТУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ. ЕНДІ ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСТІҢ 366-БАБЫНА «ПАРА ТАЛАП ЕТУ НЕМЕСЕ АЛУ», 367-БАБЫНА «ПАРА ҰСЫНУ, УӘДЕ ЕТУ НЕМЕСЕ БЕРУ» ДЕГЕН АТАУЛАР ЕНГІЗІЛЕДІ**

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС  
ЖАҢАША СИПАТ АЛА МА?

Парламент Мәжілісі жуырда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Заң жобасы аясында 3 кодекс пен 5 заңға түзетулер, соның ішінде Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске ілеспе түзетулер енгізілді. Жобаның басым бөлігі сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасын жүзеге асыруға бағытталған. Енді осы түзетулер мен өзгерістерге толығырақ тоқталайық.



**2024 ЖЫЛЫ 1641 ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАТЫСТЫ ҚЫЛМЫС ТІРКЕЛДІ. ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТЫҢ 68 ФАКТИСІ АНЫҚТАЛДЫ. 2 ҰЙЫМДАСҚАН ҚЫЛМЫСТЫҚ ТОПТЫҢ ӘРЕКЕТІ ӘШКЕРЕЛЕНДІ, 2 ТОПҚА ҚАТЫСТЫ ҮКІМ ШЫҒАРЫЛДЫ. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРГЕН 1493 АДАМ ҰСТАЛДЫ. ОЛАРДЫҢ ІШІНДЕ ТҮРЛІ ЛАУАЗЫМДАҒЫ 229 БАСШЫ БАР. 914 АДАМ СОТТАЛДЫ. 2024 ЖЫЛЫ СОМАСЫ 486,5 МИЛЛИАРД ТЕҢГЕ БОЛАТЫН МҮЛІКТІК АКТИВТЕР МЕН ҚАРАЖАТ МЕМЛЕКЕТКЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ**

жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң «Мүдделер қақтығысы» атты жаңа тараумен толықтырылатынын айтты. Мүдделер қақтығысы болған кезде басшы тиісті ұсынымдар көрсетілген қорытындыны алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөніндегі шараларды қабылдамағаны үшін, сондай-ақ мүдделер қақтығысы болған кезде лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асырғаны үшін әкімшілік жауаптылық көзделген.

ЗАҢСЫЗ СЫЙАҚЫ  
БЕРУ ДЕ ҚЫЛМЫС

Қылмыстық кодекстің 247-бабы (Заңсыз сыйақы алу) бойынша істі тиімді анықтау үшін Қылмыстық кодекстің 366-бабы (Пара алу) бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде пайдаланылған жедел-ізвестіру қызметінің барлық арсеналы пайдаланылуға тиіс. Осы мақсатта бопсалау белгілері мен аса ірі мөлшерде заңсыз сыйақы алу жағдайларын анықтау үшін арнайы жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу мақсатымен «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» заңға өзгерістер енгізіледі. Сондай-ақ Қылмыстық кодекс жаңа 247-1-баппен толықтырылып, заңсыз сыйақы бергені үшін жауапкершілік қарастырылады. Бұл тек алғандарды ғана емес, заңсыз сыйақы бергендерді де жауапқа тартуға мүмкіндік береді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке заңсыз сыйақы алу және беру фактілері бойынша Ішкі істер министрлігіне тең дәрежеде тергеу жүргізу құқығы беріледі.

ПОЛИЦЕЙЛЕР ДЕ  
ЖАЗАҒА ТАРТЫЛАДЫ

Арнайы және құқық қорғау органдарының қызметкерлері

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ  
ҚАЛАЙ ШЕШІЛЕДІ?

Түзетулер аясында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң «Мүдделер қақтығысы» атты жаңа тараумен толықты. Онда мүдделер қайшылығы туындаған жағдайда мемлекеттік қызметшілер мен олардың басшыларының жауапкершілігі қарастырылған. Мемлекеттік органдардағы мүдделер қақтығысы туралы есептерді әдеп жөніндегі уәкілдер, квазимемлекеттік ұйымдарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қызметтері, ал олар болмаған жағдайда кадр қызметтері қарайды. Қарау қорытындысы бойынша олар органың немесе ұйымның басшылығына мүдделер қақтығысының алдын алу және шешу бойынша ұсыныстарды немесе оның жоғы туралы қорытындыны беруге тиіс.

Мүдделер қақтығысының алдын алу және шешу, сондай-ақ егер бар болса, қызметтік өкілеттіктерді жүзеге асыру бойынша шараларды қолданбаған жағдайда әкімшілік жауапкершілік қарастырылады. Бұл ретте мүдделер қақтығысы жағдайында шығарылған немесе жасалған актілер, шарттар немесе өзге

туралы декларация тапсыруға тиіс. Оны толтыру тәртібі Үкіметтің актісімен айқындалады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің тәуелсіздігі құқықтық деңгейде реттеледі.

ҚҰҚЫҚТЫҚ САНАНЫ  
ӨЗГЕРТЕТІН  
УАҚЫТ КЕЛДІ

Белгілі заңгер, Мәжіліс депутаты Абзал Құспаннның айтуынша, мемлекет тарапынан жүзеге асырылып жатқан іс-шараларға қарамастан, сыбайлас жемқорлық Қазақстанның тұрақты дамуына кедергі келтіретін негізгі мәселелердің бірі болып отыр. Оның бір себебі – заңнамалық жүйедегі олқылықтар.

«Солардың бірі – пара беру туралы уәде беру, ұсыныс жасау және талап қою үшін қылмыстық жауапкершіліктің болмауы. Бұл кемшілік сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі мүмкіндігімізді азайтады және халықаралық стандарттарға қайшы келеді. Қазақстан 2008 жылы БҰҰ-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын ратификациялау арқылы осы әрекеттерді қылмыстық іс-әрекет ретінде тану міндетін өз мойнына алды. 16 жылдан кейін біз бұл міндеттемені орындауға маңызды қадам жасап отырмыз» дейді ол.

Абзал Құспан заң жобасындағы негізгі түзетулерді әзірлеу бағырында халықаралық тәжірибе мұқият зерттеліп, ұсынылған нормалар айтарлықтай жетілдірілгенін айтады.

«Германия, Франция, АҚШ және Сингапур сияқты елдерде, тұлғаның мәртебесіне қарамастан, пара беру туралы ұсыныс, уәде беру немесе талап қою қылмыстық жауапкершілікке тартылатын әрекет ретінде танылған. Ұқсас нормалар бұрынғы посткеңестік елдерде де: Украинада, Әзербайжанда, Қырғызстанда, Арменияда, Молдовада, Грузияда және Латвияда сәтті қолданылуға. Бізде де азаматтардың құқықтық санасын өзгертетін уақыт келді. Шенеунікті сатып алуға тырысқан немесе пара талап еткен кез келген әрекет қылмыс ретінде қарастырылуы тиіс. Жаңа нормаларды енгізу әділ әрі ашық мемлекет қалыптастырудағы маңызды қадам болады деп есептеймін» дейді депутат.


Жемқорлықты зерттейтін Transparency International ұйымының 2024 жылғы есебіне сәйкес, «жемқорлық жайлаған елдер» қатарында қалған Қазақстан 100-ден 39 балл алып, 180 елдің арасында 93-орында тұр.

TRANSPARENCY INTERNATIONAL  
ҰЙЫМЫНЫҢ МӘЛІМЕТІ

2024 ЖЫЛҒЫ ЕСЕП БОЙЫНША:

100-39 БАЛЛ

180 ЕЛ - ҚАЗАҚСТАН 93 ОРЫНДА



## 6 | ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

№9 (4753) 25/01/2025 Сенбі

Аманғали  
ҚАЛЖАНОВҚАЖЕТТІ  
ИНФРАҚҰРЫЛЫМ  
ҚҰРЫЛДЫ

Оның айтуынша, бас қалада туризм көрсеткіштері үш жыл қатарынан тұрақты өсуде. Алдын ала деректер бойынша 2024 жылы туристер саны 2023 жылмен салыстырғанда 14%-ға артып, 1,5 млн туристі құрады (резидент еместер 400 мың адам, резиденттер 1,1 млн адам). Бұл көрсеткішті 2030 жылға қарай 3 млн туристке дейін ұлғайту жоспарланған.

– Елордада шетелдік туристердің негізгі ағымы Ресей, Қытай, Германия, Түркия, АҚШ, Ұлыбритания, Үндістан және Оңтүстік Корея сияқты елдерден байқалады. Бүгінгі таңда Астанада туристерге жайлы болу үшін барлық қажетті инфрақұрылым құрылды. 100-ден астам туристік нысан бар. Бұл – мұражайлар, театрлар, сарайлар, діни нысандар, спорт кешендері, сауда-ойын-сауық орталықтары, саябақтар және тағы басқа нысандар. Қалада 9,9 мың нөмірлік 286 қонақүй жұмыс істейді. Бұл – 17,5 мың төсек-орын. Соның ішінде 5 жұлдызды 8 қонақүй, 4 жұлдызды 38 қонақүй, 3 жұлдызды 64 қонақүй, санатсыз 176 қонақүй бар. 2024 жылдың 9 айында қонақүйлер көрсеткен қызметтер көлемі 36%-ға артып, 46,1 млрд теңгені құрады. 2023 жылдың 9 айында 33,9 млрд теңге болған еді, – дейді Мақсат Жаңабаев.

ИНВЕСТИЦИЯЛАР  
КӨЛЕМІ АРТТЫ

Баяндамашының айтуынша, өткен жылдың 11 айының қорытындысы бойынша туризм саласындағы негізгі капиталға инвестициялар көлемі 253 млрд теңгені құрап, 3 есеге артты. MasterCard мәліметтері бойынша туристердің күніне



Елордада туризмді дамытудың негізгі бағыттары белгіленген. Бұл – оқиғалық, іскерлік және медициналық туризм. Астана қаласының Коммуникациялар қызметі алаңында осы туралы баяндаған қалалық Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы басшысының орынбасары Мақсат Жаңабаев саланы ілгерілетуге бағытталған жұмыстармен таныстырды.

ЕЛОРДА ТУРИЗМІ  
ҚАЛАЙ ТҮЛЕЙДІ?АСТАНА МАҢЫЗДЫ  
ОҚИҒАЛАРДЫҢ  
АЛАҢЫНА АЙНАЛДЫ

Мақсат Жаңабаевтың мәліметінше, өткен жылы Астанада 785 іс-шара өткізілген. Оның 70-тен астамы халықаралық іс-шаралар болды. Былтырғы ең маңызды оқиғалардың қатарында 16 мемлекеттің көшбасшыларын біріктірген Шанхай ынтымақтастық ұйымының саммиті мен 89 елден 250 000-нан астам адам қатысқан V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары бар. Өткен жылы Comic Con фестивалін 100 000-нан аса адам көрді.

Ал 2025 жылы 1200 іс-шара өткізу жоспарланған. Оның 100-ден астамы халықаралық болмақ. Быыл конференциялар, форумдар, көрмелер және басқа да ірі іскерлік іс-шараларды өткізу есебінен Астанаға туристер ағынын ұлғайту көзделген.

– Бүгінгі таңда Астана халықаралық конкурстарға белсенді қатысып, халықаралық конгрестер мен конференциялар қауымдастығы (ICCA) арқылы ірі MICE іс-шараларын өткізу құқығын жеңіп алды. 2016 жылдан бастап қала бірқатар маңызды оқиғалардың алаңына айналды, – деген басқарма басшысының орынбасары сол іс-шараларға тоқталды.

Оның айтуынша, 2016 жылдан бастап халықаралық 48 іс-шара өткен. Атап айтқанда, Bizz Awards халықаралық премиясын тапсыру салтанатына 200 адам қатысқан. Топырақ механикасы және геотехника бойынша 17-Азия аймақтық конференциясы (600 қатысушы), INQAANE конференциясы (275 қатысушы), Студенттік кәсіпкерлік бойынша энактус әлем кубогы (2500 қатысушы). Ал 2025 жылы Халықара-

✓ 2024 жылы Астанада 800-ден астам іс-шара өтіп, оның 70-і халықаралық деңгейде ұйымдастырылды.

✓ Биыл 1 200 іс-шара өткізу жоспарланып отыр, оның ішінде 100-ден астамы халықаралық деңгейде өтеді.

лық талдау, оны қолдану және есептеу қоғамының конференциясы 21-25 шілдеде өтпек. Бұған 1000 адам қатысады деп жоспарланған. Сондай-ақ 18-23 тамыз күндері Кітапханалық қауымдастықтар мен мекемелердің халықаралық федерациясы жиын өткізеді. Оған 3500 адам қатыспақ. 27-28 маусым күндері Walter E.Dandy нейрохирургиялық қауымдастығының 10-Дүниежүзілік конгресі 300 қатысушыны жинамақ.

– Аталған аса маңызды оқиғалар Астананың ірі халық-

аралық іскерлік орталық ретіндегі имиджі үшін қажет, – дейді Мақсат Жаңабаев.

МЕДИЦИНАЛЫҚ ТУРИЗМ  
ҚАЛАЙ ДАМИДЫ?

Баяндамашының сөзінше, елімізде 9 медициналық ұйым JCI халықаралық аккредиттеу комиссиясының сертификатын алған. Бұл ұйымдар медициналық қызметтер сапасының «алтын стандарты» ретінде танылды. Ал олардың 7-еуі Астанада орналасқан.

– Елорданың медициналық

туризмін дамыту аясындағы жоспарлы жұмыс мыналарды қамтиды: медициналық контент құру, YouTube арнасында қаланың клиникалары мен дәрігерлері туралы имидждік хабарлар шығару; нысаналы елдерде Астана қаласының дәрігерлерімен көшпелі алғашқы медициналық консультациялар өткізу; медициналық туристік базалық пакеттерді қалыптастыру; клиникалар мен туроператорлар арасында серіктестік және бірлескен бағдарламалар құру. Ресей, Өзбекстан, Беларусь, Қытай және БАӘ сияқты Астана үшін медициналық туризмнің нысаналы елдері анықталды. 2025 жылы медициналық туристер саны 8 000 адамға дейін жетеді деп жоспарлануда 2024 жылы 4 500 адам болған еді, – дейді басқарма басшысының орынбасары.

## ЕЛОРДАНЫ АРАЛАЙДЫ

2025 жылы жастарды дамытуға және бүкіл Қазақстан бойынша балалар мен оқушылардың әлеуметтік интеграциясын қолдауға бағытталған екі әлеуметтік жобаны іске асыруды жалғастыру ұсынылды. Алғашқы жоба – «Астана – менің Отанымның елордасы» аталады. Оның аясында Қазақстанның түрлі өңірлерінен келген халықтың әлеуметтік осал топтарының балалары үшін 3 күндік турлар ұйымдастырылады. Басты мақсат – балаларды елордамыздың мәдениеті мен тарихымен таныстыру, сондай-ақ еліміздің дамуына өзінің қатысуын сезінуге мүмкіндік беру. 2018 жылы, яғни Астананың 20 жылдығына орай осы жобаның шеңберінде 1000 бала елорданы аралады. 2019 жылы – 500 бала, Астананың 25 жылдығы аясында 2023 жылы – 1000 бала, 2024 жылы 1013 бала бас қаланы көрді. Ал 2025 жылға арналған жоспар – 1000 бала.

ОҚУШЫЛАР МЕН  
СТУДЕНТТЕРГЕ  
КӘСІПТІК БАҒДАРЛАУ

Оқушылар мен студенттерге арналған кәсіптік бағдарлау экскурсиялары ұйымдастырылады. Кәсіптік бағдар беру бағдарламасы аясында 2025 жылы 7-11 сынып оқушылары мен колледждердің 1-курс студенттері үшін 12 200-ден астам экскурсиялық турлар ұйымдастыру жоспарланған.

– Экскурсиялар оқушыларды кәсіпорындар мен жоғары оқу орындарындағы нақты еңбек жағдайларымен таныстыру мақсатында, сондай-ақ олар еңбек нарығының нақты қажеттіліктері ескере отырып, болашақ мамандықты таңдай алуы үшін ұйымдастырылған, – дейді Мақсат Жаңабаев. Оның айтуынша, өткен жылы да әртүрлі саладағы 40-тан астам кәсіпорында оқушылар мен студенттер үшін 12 200-ден астам экскурсия өткізілді.



rsk.astana



**2024 жылы Астанаға 1,5 миллион турист келді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 14%-ға көп. Олардың ішінде 400 мың шетелдік қонақ. Негізгі келушілер Ресей, Қытай, Германия, Түркия, АҚШ, Ұлыбритания, Үндістан және Оңтүстік Кореядан келген.**



rsk.astana

Қала инфрақұрылымы туристерді  
қабылдауға толық дайын

**Елордада 286 қонақүй, 100-ден астам туристік нысан бар.**



**Медициналық қызмет сапасының алтын стандарты саналатын JCI халықаралық аккредитациясынан өткен 7 клиника жұмыс істейді.**

БАЙҚАУ КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІН  
КОНКУРСҒЫҒА ІРІКТЕУ

«Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» ММ Астана қаласы әкімдігінің «№ 2 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК Байқау кеңесінің мүшелерінің орнына конкурстық іріктеу басталуды хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы №113 «Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңесін құру қағидаларын, байқау кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптарды, сондай-ақ Байқау кеңесінің мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес:

**Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау кеңесіне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімнің, сондай-ақ**

**мынадай талаптардың бірінің:**

- 1) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің;
- 2) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің;
- 3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.

**Байқау кеңесінің мүшесі ретінде адам сайланбайды:**

- 1) соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;
- 2) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;
- 3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
- 4) байқау кеңесінің басқа мүшесімен

немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы адам.

**Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:**

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);
- 2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;
- 3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);
- 4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 5) жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;
- 6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне,

жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдындағы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным) беруіне болады.

**Қатысушы конкурстық өтінімінің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертке қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Содан кейін конверт сыртқы конвертке салынып мөрленеді және «\_\_\_\_\_ - мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі мүшелерінің конкурсы» және «\_\_\_\_\_ дейін ашуға болмайды» деген сөздерді қамтуы тиіс.**

**Конкурстың өту орны:** Астана қ., Бейбітшілік к. 11, 411-кабинет. Байланыс үшін тел нөмірлері: 557484, 556842.

**Конкурстың басталу күні** (құжаттарды қабылдау) – 2025 жылғы 25 қаңтар.

**Конкурстың аяқталу күні** (құжаттарды қабылдауды аяқтау) – 2025 жылғы 24 ақпан.

**Құрметті ата-аналар!**

«Intellectual generation» ЖШС жекеменшік мектеп – жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы. Ата-ананың төлемі жылына 1200 АЕК-тен аспауы керек (2024 жылғы – 4140000 теңге). Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда, «Қаржы орталығы» АҚ-қа хабарласуыңызды сұраймыз. Сенім телефондары: 8-7172-695-037, 8-7172-695-058.

Жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландырудың «Жол-көлік кешенінің» басшы қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институты» ЖШС мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы «Есіл» жалпы білім беретін жекеменшік орта мектебі болып табылады. Ата-ана төлемі жылына 1200 АЕК аспауы керек. Бұл білім беру мекемесінде жылда ата-ана төлемі төленбейді. Сенім телефондары: 8-7172-695-037, 8-7172-695-058.

Шаһағат  
ӘБДІП

Шын мәнінде, су мәселесі қай кезеңде де маңызды болған. Көшпенді халқымыз шөбі шүйгін, суы тұнық жер іздеп бекер көшіп-қонбаған. Тарихқа үңілсек, шумерлер мен акадтықтар арасындағы қақтығыстар, кейіннен Вавилон мен Ассирия империяларының арасындағы су ресурстарына деген бақталастық, Үндістан мен Пәкістанның арасындағы арпалыстар, Түрікменстан мен Өзбекстан арасындағы Өмудария өзені үшін болған соғыстар, тіпті Отырардың күйреуі де су тапшылығынан, қалаға келетін судың жолының бөгелуінен болған жоқ па?! Ертеректер мен діни наным-сенімдерде айтылатын, адамзат мәдениеті мен өркениетінің қайта дәуірлеуі мен күйреуінің белгісі саналатын «топан судың» өзі де біз айттып отырған сумен байланысты.

Ал енді қазіргі дәуірімізде болып жатқан мәселеге келсек, әлемде қазір 2 миллиардтан астам адам ауызсудан таршылық көруде. Өзендердің өзегі мен көлдердің кенезесі келіп бара жатқан бұл тұста бүкіл әлем ерні кеберсімей тұрғанда етек-жеңін жинауға кірісуде.

Кейбір ақпараттарға сүйенсек, 2040 жылға қарай су тапшылығы 50 пайызға дейін жетуі ықтимал. Бұл жағдай Қазақстанның да су мәселесі бойынша дағдарысқа тап болуы мүмкін екенін көрсетеді. Әрі бұл мәселе туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің жыл сайынғы Жолдауында және шетелдерге барған жиналыстарында жиі айттып жүр. Мемлекет басшысы айтқандай, шын мәнінде «су қауіпсіздігі – жай ғана техникалық немесе экологиялық мәселе емес, бұл моральдық императивке» айналып отыр.

## ҚАЗАҚСТАНДА ҚАНША СУ ҚОЙМА БАР?

«Қазақстанда қанша су қоймасы бар? Олардың құрамын зерттеп, бақылайтын институт жұмыс істей ме? Таза ауызсу мәселесі мен еліміздегі су тапшылығы қалай реттеледі?» деген сұрағымызды ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігі гидротехникалық ғылымдар басқармасының басшысы Жәнібек Қайшыбекұлына қойдық.

– Қазақстанда 405 су қоймасы бар, оның 94-і – республикалық, 272-сі – коммуналдық, ал 39-ы – жекеменшіктік. Республикалық 94 гидротехникалық құрылысқа 80-нен аса көп факторлы зерттеу жүргізілді. Сондай-ақ жаңа Су кодексіне сәйкес, елімізде гидротехникалық нысандар әр 5 жыл сайын көп факторлы зерттеуден өтуге міндеттеледі, – дейді ол.

Сондай-ақ Ж.Қайшыбекұлы Министрлік әзірлеген Су шаруашылығын дамытудың кешенді жоспарына да тоқталды.

– 2024-2028 жылдар аралығында республика бойынша 557 нысанда көп факторлы зерттеу жүргізу жоспарланып отыр. Биыл 105 гидротехникалық нысан тексерістен өтеді. Ал еліміздің су қауіпсіздігін қамтамасыз ету, су тапшылығын азайту, маусымдық су тасқыны мен құрғақшылықтан болатын экономикалық шығындарды азайту үшін жаңадан 42 су қоймасын салу, 37 су қоймасы мен 14 мың шақырымнан астам суару каналын реконструкциялау және жаңғырту жұмыстары басталады. Құрылыс жұмыстарының нәтижесінде экономика салаларында пайдалану үшін 2,6 текше шақырым су жинау, су тасқыны қаупін азай-

«Су иесі – Сүлеймен» деп сыйлайтын халқымыз ежелден-ақ «судың да сұрауы бар» деп, оны ысырапшылдықпен пайдалануға тыйым салған. Мұны қазақ баяғыда айтқанмен, оның мәні мен маңызы енді ғана өзекті болып отыр. Өйткені қазіргі таңда су тапшылығы мәселесі әлемде жиі талқыланатын тақырыптардың біріне айналды.

Қазіргі таңда еліміз су қорының көлемі – шамамен 539 км<sup>3</sup>. Оның шамамен 56,5 км<sup>3</sup>-і ел аумағында қалыптасады, ал қалғаны көршілес мемлекеттерден келеді

## ЕЛДІҢ ҚҰТЫ, ЖЕРДІҢ СҮТІ – СУ

ту, сондай-ақ магистральдық және шаруашылық каналдар арқылы тасымалдау кезінде су шығынын 50%-дан 25%-ға дейін азайту жоспарланып отыр. Ал су қоймаларының сапасын бақылау және зерттеу жұмыстарын бірнеше мекеме атқарады. Олардың қатарында «Қазгидромет» РМК, ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігі Су шаруашылық комитеті, ҚР Экология министрлігі сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар бар. Сонымен қатар Қазақ су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты (ҚазСШҒЗИ), У.Ахмедсафин атындағы Гидрогеология және геоэкология институты, «Қазгидромет» РМК ғылыми-зерттеу орталығы бар. Бұл мекемелер мен ұйымдар су сапасын мониторингтеу, ластаушы заттарды анықтау және су қоймаларының экологиялық жағдайын бағалау жұмыстарын жүргізеді, – дейді Жәнібек Қайшыбекұлы.

## ТҰТЫНУҒА ЖАРАМДЫ СУ ҚАНША?

Жер бетінде жалпы су ресурстарының шамамен 2,5%-ы ғана тұтынуға жарамды. Оның өзі тек белгілі бір бөлігінде ғана адамдар мен табиғаттың қажеттіліктерін қанағаттандыра алады. Қалған 97,5% су – тұзды су, яғни теңіздер мен мұхиттарда орналасқан. Ал Қазақстандағы судың қанша пайызы тұтынуға жарамды дегенге келсек, қазіргі таңда еліміз су қорының көлемі – шамамен 539 км<sup>3</sup>. Оның шамамен 56,5 км<sup>3</sup>-і ел аумағында қалыптасады, ал қалғаны көршілес мемлекеттерден келеді. Жыл сайын Қазақстан аумағында 100 миллиард текше метрден астам су жиналады. Ал халыққа қажетті ауызсу көлемі жылдық жалпы су қорының тек 1%-ын құрайды.

## ЕҢ ТАЗА СУ ҚАЙ ӨҢІРГЕ ТИЕСІЛІ?

Тұрмыстық ауызсу мақсатында пайдалануға келсек, физикалық және химиялық қасиеттеріне байланысты су көздерінің ішінде ең тазасы жерасты сулары болып келеді. Негізгі жерасты суларының кен орындары оңтүстік,

“

Қазақстанда 405 су қоймасы бар, оның 94-і – республикалық, 272-сі – коммуналдық, ал 39-ы – жекеменшіктік. Республикалық 94 гидротехникалық құрылысқа 80-нен аса көп факторлы зерттеу жүргізілді. Сондай-ақ жаңа Су кодексіне сәйкес, елімізде гидротехникалық нысандар әр 5 жыл сайын көп факторлы зерттеуден өтуге міндеттеледі

оңтүстік-шығыс, шығыс аймақтарда шоғырланған. Сондықтан осы аймақтардағы тұтынуға жарамды ауызсудың сапасы жерүсті су көздерінен су тұтынып отырған еліміздің басқа аймақтарына қарағанда жоғары деп есептеуге болады.

## АСТАНА МАҢЫНДАҒЫ СУ ҚОЙМАЛАРЫНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ ҚАЛАЙ?

Астанада екі үлкен су қоймасы бар. Біріншісі – Есіл өзенінің жоғарғы ағысында орналасқан Сергеев су қоймасы. Су қоймасының ауданы – 61 км<sup>2</sup>, ең терең жері – 25 м, ал жалпы көлемі – 411 млн м<sup>3</sup>. Бұл су қоймасы – Астана қаласының негізгі су көзі, жылына шамамен 300 млн м<sup>3</sup> су тұтынатын елорда тұрғындарының қажеттілігін қамтамасыз етеді. Екіншісі – Есіл өзенінің орта ағысында орналасқан Сергеев су қоймасы. Бұл – ірі гидротехникалық нысан. Оның жалпы ауданы – 117 км<sup>2</sup>, су көлемі – 693 млн м<sup>3</sup>. Аталған су қоймасының негізгі міндеті – Есіл өзеніндегі су та-

сқыны қаупін төмендету және өңірдің ауыл шаруашылығы қажеттіліктерін қамтамасыз ету. Алайда су қоймаларының экологиялық жүйеге әсері туралы ғылыми зерттеулер көрсеткендей, кейбір аймақтарда судың тұздылығы мен құрамындағы ауыр металдардың мөлшері артқанын жасырмады. Ендеше біз тұтынып жүрген судың құрамы мен сапасы қандай? Бұл сұраққа Астана қаласы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Мұхамғали Арыспаев жауап берді.

– Қазіргі таңда қаладағы орталықтандырылған су тарату желілеріне (үйлердің крандары, су тарату бағандары) сапасы органолептикалық, микробиологиялық көрсеткіштер және химиялық құрамы бойынша гигиеналық нормативтерінің талаптарына сай су беріледі. Ал су сапасына қызмет көрсетуші ұйым белгіленген кезеңдерге сай су құрамына өндірістік бақылау жүргізеді. Сонымен қатар, Астана қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментімен ауызсу сапасына, айына бір рет су сынама алудың маңызы зерттеушілеріміздің (СЭМ) жүргізіледі. Демек біздің тұтынып жүрген ауыз-суымыздың сапасы, негізінен, талапқа сай деуге болады. Ал енді жеке адамдардың үйіне таза зертхана сүзгілер орнатуы ол өз денсаулығы үшін. Бірақ кейбір фильтрлер суының құрамында микроэлементтер жеткіліксіз болуы мүмкін, ондай суды көп мөлшерде ішу электролит-түз теңгерімсіздігін тудыруы мүмкін. Әрі құрамында тым көп минералдар бар су электролиттер балансын одан әрі өзгертеді. Сондықтан адамдар қандай су ішеміз десе де таңдау өздерінде, – дейді Мұхамғали Қайыржанұлы.

## ФИЛЬТР СУЫ ЗИЯН БА, ҚҰБЫР СУЫ ШЕ?

Иә, күнделікті тұрмыста қандай су ішетінін халық өзі шешеді. Жалпы күнделікті тұтынып жүрген ауызсу мәселесі туралы да қоғамда әртүрлі түсінік бар. Оның бірі қарапайым судың құрамы адам ағзасына зиян десе, енді бірі

керісінше фильтрден өткен су адамды жиі-жиі дәретке шығарады. Оның құрамындағы адам ағзасына керекті минералдарды фильтр сүзіп қалғандықтан, одан шыққан су да ағзаға тез сіңбей, тек дәретке шығара береді. Бірден бүйрек пен қуыққа қысым түсіреді деген пікір айтады. Ал шын мәнінде фильтрлі су мен филтрсіз судың айырмашылығы мен пайда-зиянын ажырату қиын. Бұған байланысты мамандар не дейді?

– Иә, қазіргі таңда су фильтрациясының танымалдылығы артқанмен, оның денсаулыққа зиянды әсерлері туралы пікірлер де кеңінен айтылуда. Бұл мәселе әсіресе тұрмыстық фильтрлерді қолданатын адамдар арасында жиі кездеседі. Кейбір фильтрлер, әсіресе активті көмір сүзгілері, судың құрамындағы минералдар мен микроэлементтерді алып тастауға қабілетті. Бұл минералдардың жетіспеушілігі денсаулыққа теріс әсер етуі мүмкін, өйткені біздің ағзаның күнделікті тіршілік үшін кальций, магний, калий сияқты маңызды заттарды алуы қажет. Сонымен бірге қазіргі заманғы фильтрлер судан хлор мен кейбір химиялық заттарды тиімді түрде алып тастаса да, олар барлық бактериялар мен вирустарды жоя алмайды. Бұл әсіресе тазалық деңгейі төмен немесе табиғи көздерден алынған суды фильтрациялауда проблема болуы мүмкін, – дейді №5 қалалық емханының алдын алу және әлеуметтік психологиялық көмек көрсету бөлімінің меңгерушісі Айгерім Исламова.

Бірақ фильтр орнату компанияларының қызметкерлері бұл пікірлерді жоққа шығарды. Олар керісінше кран суы зиянды екенін алға тартады.

– Адам күнделікті 3,5 литр

су жоғалтады. Егер дене құрамындағы су азайса, адамның жағдайы нашарлайды. Өйткені мидың 85, жүректің 75, бауырдың 77, сүйектің 22, бүйректің 83, көздің 95, өкпенің 80 пайызы судан тұрады. Кран суын ішкенде оның құрамындағы токсиндер мен шлактар, ауыр металдар және тұздар бүйрекке тас жиналуына, өттің ластануына әкелуі мүмкін. Өйткені қанша жерден күнделікті қолданыстағы су пайдалы дегенімізбен, бізде табиғи су шығып жатқан өзен-көлдер жоқ, сондықтан су арнайы қоймаларда сақталады. Қоймалардағы су хлорлау арқылы, шіріген құбырлар арқылы үйімізге келеді. Біздің құбырлар сонау Қонаевтың дәуірінен бастап алмастырылған жоқ. Сондықтан ол су ішкен адамның бүйрегіне құм, қуығына тас жиналу сияқты мәселелер туындатуы мүмкін. Сонымен қатар, бұл су шаштың түсуіне, тырнақтың сынып кетуіне, тіпті ауыр жағдайда бедеулікке әкелуі ықтимал. Бірінші – сүзгі көзге көрінетін заттар мен иісі бар компоненттерді ұстап қалады. Екінші – сүзгі судағы хлорды алып тастайды. Үшінші – сүзгі судың құрамындағы ауыр металдарды жояды. Ал енді бұл

сүзгілер судың құрамындағы пайдалы витаминдерді жойып жібермей ме деген сұраққа келсек, бұл дұрыс емес. Себебі су сүзу аппаратының сүзгісі тек судың өлшем бірлігіне сай келетін бактериялар мен зиянды заттарды ғана алып тастайды. Мысалы, судың өзі 5 ангстрем болса, оның ішіндегі минералдардың көлемі 8 ангстрем, ал бактерия – 200, вирус – 50 ангстрем. Демек сүзгі тек 10 ангстремнен үлкен заттарды ғана сүзеді. Сондықтан су сүзгітен өткен оның ішіндегі пайдалы витаминдер мен минералдар сақталады, – дейді су сүзу аппаратын орнату компаниясының қызметкері Айбек Сәрсенбек.

Ал тұтынушылар қазіргі су сүзу аппаратын суды таза сүзіп берді дегенімізбен, ол суды көп ысырап етеді деп отыр.

– Шынымен, қазіргі тұрмысымызда су сүзгіші аппараттар кеңінен қолданылады. Бірақ сол су сүзу техникасының суды өте көп ысырап қылатынын көп адам ескере бермейді. Шын мәнінде, ең озық деген су сүзгіштің өзі екі кесе таза су шығару үшін кемінде бір кесе суды ысырап қылады. Мұны мамандар айтты ғи, жазып та жүр. Жақында мен отбасымдағы су сүзгіштің қалдық су ағатын түтікшесін 20 литрлік бөшкеге салып қойдым. Бір күнде қанша литр таза су ішкенімді білмеймін, бірақ 14 сағатта 40 литр қалдық су шықты. Егер бір отбасы күніне 20 литр су ысырап қылса, тек Астана қаласының өзінде күніне қанша тонна су ысырап болады? Бұл онсыз да су тапшылығы сезіліп отырған бас қала үшін үлкен мәселе деп ойлаймын, – дейді Шаризада есімді қала тұрғыны.

## P.S:

Су – өмірдің негізі, табиғаттың ең маңызды ресурсы. Оның тапшылығы адамзатқа экологиялық, экономикалық және әлеуметтік қиындықтар тудырады. Сондықтан күнделікті өмірімізде су ресурстарын үнемді пайдалану болашақ өмірімізді гүлдендіре түседі. Әрі біз табиғатпен үйлесімді өмір сүріп, суды ұқыпты пайдалану арқылы ғана болашақ ұрпаққа таза және жеткілікті су ресурстарын қалдыра аламыз. Ендеше суымызды сақтайы, туымызды құлатпай болашаққа жеткізу – біздің ата-баба алдындағы бір міндетіміз деп білгеніміз жөн.

№9 (4753) 25/01/2025 Сенбі

## АЛАШТЫҢ СОЛТҮСТІКТЕГІ ІЗДЕРІ

Ұлттық музейде Солтүстік Қазақстан өңіріндегі «Алаш» қозғалысына арналған екі ғылыми еңбектің тұсаукесері өтті. Жиынға қоғам және мемлекет қайраткерлері, мәдениет саласының өкілдері мен ғалымдар қатысып, Алашорда тарихы мен Алаш зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі туралы әңгіме өрбітті.



«XX ғасыр басындағы Солтүстік Қазақстан: Алаш зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі» (А.Ибраева, С.Мәлікова, З.Тайшыбай) атты монографиялық еңбекте Қазақстан тарихындағы Алаш қозғалысының тарихи маңызы, «Алаш» саяси партиясының және Алаш-

орда үкіметінің Солтүстік Қазақстандағы қоғамдық-саяси қызметі, рухани мұрасы жайында құнды мәліметтер топтастырылған. Солтүстік Қазақстан өңіріндегі Алаш қозғалысының қайраткерлері, олардың қозғалысқа қатысуынан бастап, күрескерлік деңгейге көтерілуі нақты

деректік материалдармен, мысалдармен пайымдалған. Сондай-ақ кітапта Алаш қайраткерлерінің қызметі, олардың қилы тағдыры, қуғын-сүргінге ұшыраған кездегі тергеу істері, саяси құқықтардан айырудың басқа да түрлерін көргенін және басқа да мәселелер жайында ақпараттар берілген.

«Қазақстанның Солтүстік өңіріндегі «Алаш» қозғалысы мұрағат деректерінде» (А.Ибраева, С.Мәлікова, З.Тайшыбай, А.Темірханова) мұрағаттық құжаттар және материалдар жинағы Солтүстік Қазақстан облысы мемлекеттік архивінің, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы архив қорларының материалдары негізінде құрастырылған. Еліміздің солтүстік өңіріндегі Алашорданың тарихи процестердегі рөлі, тәуелсіздік үшін күресі жайлы тың деректер еңбектің құндылығын арттыра түскен.

Іс-шара аясында Ұлттық музейдің ғылыми қызметкері Д.Дүйсенбай Алаш қайраткері Әлти Көкенұлының ата-қонысын зерттеу негізінде қазақтың үй салу дәстүрін жаңғырту мақсатында жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы баяндама жасап, Алаш мұрасын зерттеу және насихаттау ісінде археологияның үлесіне тоқталды.

## АСТАНА ФИЛИАЛЫНДА ЖАҢА ДИРЕКТОР

Қазақстан Жазушылар одағының Астана қаласындағы филиалы қайта құрылып, оның жаңа директоры тағайындалды.

Ұлттық академиялық кітапханада өткен жиын барысында Жазушылар одағының төрағасы Мереке Құлқенов Солтүстік өңірдің хатшылығына тағайындалған белгілі ақын Бауыржан Бабажанұлын таныстырды. Жазушылар одағының Астана қаласындағы бұрынғы өкілі Дәулеткерей Көпұлына атқарған жұмыстарына алғыс білдіріп, жаңа қызметіне табыс тіледі.

Төраға ұйымның атқарып жатқан жұмыстары туралы баяндама жасап, тың идеялар мен бо-

ласақ жоспарларды ортаға салды. Одан кейін оның орынбасары Ғалым Қалибекұлы Жазушылар одағының қазіргі жағдайы мен даму бағыттары жөнінде мәлімет берді.

Қазақстан Жазушылар одағының 1030 мүшесі бар. Оның 180-нен астамы Астанада тұрады. Жиын барысында астаналық қаламгерлер Мәди Айымбетов, Асқар Алтай, Әділбек Ыбырайымұлы «Қазақстанның құрметті жазушысы» медалімен марапатталды.

Дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

## ДИМАШ АТЫНДАҒЫ КАБИНЕТ АШЫЛДЫ

Астанадағы Абай Құнанбайұлы атындағы № 87 мектеп-гимназияда Қазақстанның Халық әртісі Димаш Құдайбергеге арналған кабинеттің ашылу салтанаты өтті. Оған әртістің ата-анасы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Қанат және Светлана Айтбаевтар, «Astana Dears» фан-клубының жанкүйерлері қатысты.



Димаш Құдайберген атындағы жаңа кабинет музыка сыныбымен қатар, мұражай ретінде де қызмет етеді. Қанат пен Светлана Айтбаевтар, сондай-ақ әртістің жанкүйерлері мұражайға түрлі жәдігерлерді тарту етті. Алдағы уақытта коллекция әртістің кітаптарымен, газеттерімен, журналдарымен және естелік сыйлықтарымен толықтырылады. Мұның бәрі музыка мен өнерге құштар балаларға арналған. Кабинет заманауи және дәстүрлі музыкалық аспаптармен жабдықталған.

Аталмыш мектеп-гимназия директоры Айгүл Ондағанқызының айтуынша, ол Жапонияға сапары барысында сондағы білім жүйесі музыкаға ерекше көңіл бөлетінін көрді. Сол тәжірибені мектепке «Он

минуттық ән айту» жобасы ретінде енгізді. Әр сынып сағаттарында оқушылар 10 минут ән айтатын дәстүр қалыптасты. Музыка кабинетін кімге арнау керек деген сұрақ туындаған кезде бүгінгі таңда балаларды шабыттандыратын және оларға үлгі болатын адамдар арасында қарастырылды. Осылайша кабинетті Димаш Құдайбергеннің есімімен атау туралы шешім қабылданды.

Кабинеттің ашылуы барысында Димаштың репертуарындағы әндер шырқалды. Соның ішінде елордадағы Ермек Серкебаев атындағы №3 балалар музыка мектебінің ұстазы Баян Мұқанова, мектеп оқушысы Бақтияр Мұқанов, жалпы өнерлі әулет Мұқановтар отбасылық ансамблі өнер көрсетті.

## АСЫҚ АТЫП, СУРЕТ САЛАДЫ

Елорданың Алматы ауданының ардагерлері ұлттық ойын түрлерінен жарыс ұйымдастыруды дәстүрге айналдырған. Орталық қызметкерлері зейнеткерлер арасында ұлттық ойын түрлерін дәріптеу үшін ай сайын арнайы жаттықтырушылар шақырып, «Арқан тарту», «Асық ату», «Сақина салу» және «Білектесу» ойындарынан жарыстар өткізеді.



Ұлттық ойындар насихаттаушы, әрі білікті жаттықтырушылар Балмира Бекбосынова мен Айбек Көшжанов зейнеткерлерге асық ату ойынының қыр-сырын үйретіп қана қоймай, белсенді ата-әжелер арасында кішігірім жарыстар ұйымдастырды.

Ойын барысында 10 шақты зейнеткер ептілігімен ерекшелене білді. Олардың арасында 75 жастағы Нұрлан Саматұлы, 72 жастағы Радхан Әліпбаев және 69 жастағы Қуандық Дүкесов те бар.

Сондай-ақ Астанадағы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының зейнеткерлері «Қысқы қиял» атты арнайы көрме ұйымдастырды. Орталықтың Алматы ауданына қарасты филиалындағы арт-студияда дәріс алып жүрген 30 зейнеткер «Қыс келбеті» тақырыбында өз картиналарын ұсынды.

Бұл көрмеге дайындық үш ай

бұрын басталған. Алғашқы қар түскен уақыттан бастап зейнеткерлер қысты, алғашқы қарды, мұзды, қар үйінділерін, табиғаттың сұлу құбылыстарын аңғарып, қағаз бетіне түсіре білген.

«Арт-терапияның егде жастағы адамдар үшін пайдасы зор. Сурет арқылы адамның ішкі шығармашылығын іске қосуға, есте сақтау қабілетін, зейінін жақсартуға болады. Біз бейнелеу сабақтары күн сайын өткіземіз. Студиямызға сурет салуды үйренгісі келетін зейнеткерлер келеді. Олардың арасында зейнет жасында сурет салуды үйренген, белсенді, әрі қабілетті зейнеткерлер де бар. Әсіресе, Мәдени Асагова, Мария Серімова, Салтанат Мырзабаева мен Гауһар Камалиева ынтасын ерекше атап өткім келеді» дейді үйірме жетекшісі Айгүл Қожахметова.

## ТЕАТРЛАРДЫҢ ТЕННИС ЖАРЫСЫ

Астанада «Жанашырлық» қайырымдылық шарасы аясында алғаш рет театрлар арасында «Showdown» үстел теннисінен жарыс ұйымдастырылды.

«Спорт – денсаулық кепілі», «Жақсылық – жан байлығының тетігі» ұрандарымен өткен жарысқа елорданың 5 театры қатысып, жолдастық кездесу өткізді. Қорытындысында «Қанаттылар» инклюзивті театрының актерлары Ғарифолла Мейіржан,

Ерболат Бекентаев, Арайлым Мырзахметова ерекше өнер көрсетіп, командалық есепте жеңімпаз атанды. Ә.Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театры II орынды иеленді. Музыкалық жас көрермен театрына III орын бұйырды.

